

Ақтөбе облысында жылдыту маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 шілдеде № 3621 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауына қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге қоса беріліп отырған Ақтөбе облысында жылдыту маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1 тармаққа қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия тәрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Д. ДОВМАТЕНКО

С. ҚАЛДЫҰЛОВА

2013 жылғы 17 шілдедегі № 143
облыстық мәслихаттың шешімімен
бекітілген

Ақтөбе облысында жылдыту маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы

Ескерту. Қағиданың бүкіл мәтіні бойынша қазақ тілінде "жылу маусымына", "жылу маусымы" деген сөздер "жылдыту маусымына", "жылдыту маусымы" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ереже

1. Осы Ақтөбе облысында жылдыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Электр энергетикасы туралы", "Жылу энергетикасы туралы", "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы", "Тұрғын үй қатынастары

"туралы" мемлекеттістан Республикасының Зандары, "Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 тіркелген) бұйрығы негізінде әзірленген және Ақтөбе облысында жылышу маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қағида Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдары, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен үйымдарының облыстық өндірістік, әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен объектілерін жылышу маусымына дайындау және оның өтуі кезеңінде тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету бойынша қызметін үйлестіреді.

3. Осы Қағиданы:

- 1) облыстың жергілікті атқарушы органдары;
- 2) ведомстволық бағыныстылығы және меншік нысанына қарамастан, балансында, жедел басқаруында, шаруашылық жүргізуі немесе жалдауында, қызмет көрсетуінде жылумен жабдықтау көздері, инженерлік құрылыштар, коммуникациялар және ғимараттар бар коммуналдық қызметтерді көрсетушілер мен тұтынушылар;
- 3) Ақтөбе облысының тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерін салу, монтаждау, реттеу және жөндеумен айналысатын құрылыш-монтаж, жөндеу және реттеуші үйымдарымен орындауға міндетті.

4) Облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын үйымдары мен мекемелері тұтынушыларды жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, отынмен жабдықтау және су бұрумен тұрақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия тасығыштардың қажетті параметрлерін сақтайды және тұрғын үйлер мен ғимараттардағы қалыпты температуралық режимді, олардың белгіленуі мен энергия тұтынудың төлемдік тәртібін ескере отырып қамтамасыз етеді.

5. Облыстың аумағында күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа объектілердің дайындығы Ақтөбе облысының өндірістік және әлеуметтік кешенін күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындау туралы облыс әкімдігінің жыл сайынғы қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Өз құзыреті шегінде Ақтөбе облысын жылышу маусымына дайындау мен оны өткізуді жалпы үйлестіру облыстың өндірістік және әлеуметтік кешенін қысқы жағдайларда жұмысқа дайындалуды бағалау жөніндегі облыстық ведомствоаралық комиссиясымен жүзеге асырылады.

7. Облыстың қалалары мен аудандарының елді мекендерінде жылышу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру, энергетикалық кешен, тұрғын үй қоры,

әлеуметтік сала және инженерлі-инфрақұрылым объектілерінің қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі қалалық немесе аудандық ведомствоаралық комиссиясымен (бұдан әрі – қалалық (аудандық) комиссия) жүзеге асырылады.

8. Алдағы жылу маусымында облыстың өңірлерінің инженерлік-энергетикалық кешен және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қысқы жағдайларда жұмысқа дайындаудың жыл сайынғы жоспарын (бұдан әрі – жылтыу маусымына дайындық жоспары) ұсыну тәртібі:

1) облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын кәсіпорындар жыл сайын, жылтыу маусымы аяқталғаннан кейін қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жылтыу маусымына дайындық жоспарларын ұсынады;

2) қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынылған жылтыу маусымына дайындық жоспарларын бірыңғай жоспарға біріктіреді;

3) қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылтыу маусымына дайындықтың бірыңғай жоспарларын "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жинақ үшін ұсынады.

9. Жылтыу маусымына дайындық жоспарларын орындау жөніндегі есептер мына тәртіпте ұсынылады:

1) тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешенге жататын кәсіпорындарымен қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына – апта сайын;

2) қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен өз өңірі бойынша жинақ есепті - "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне апта сайын;

3) "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы бойынша жинақ есепті – Ақтөбе облысының әкімдігіне апта сайын ұсынады.

10. Жылтыу маусымына дайындық кезінде жоспарланған жұмыстар орындалмағанда есепке:

- 1) орындалмау себептері көрсетілген анықтама;
- 2) ахуалды түзету бойынша қабылданып жатқан шаралар;
- 3) жұмыстарды орындаудың жаңа мерзімдері қоса беріледі.

11. Кәсіпорындар мен ұйымдардың жедел-диспетчерлік қызметтердің қалалар мен ауданның елді мекендерін энергиямен қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара әрекеттестігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады.

12. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушылармен (абоненттермен) қарым-қатынасы олардың арасында жасалған шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

2. Жылдыту маусымына дайындық

13. Жылдыту маусымы дайындығына:

1) өткен жылу маусымында анықталған ақауларды талдау, анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша іс-шараларды орындау;

2) жылдыту маусымына дайындық жоспарларын әзірлеу;

3) мердігер ұйымдарымен қаржыландыру және шарттар жасау, жөндеу және құрылыш-монтаж жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу;

4) жылумен жабдықтау көздері және орталық жылу пункттерінде қажетті жөндеу жұмыстарын өткізу, соның ішінде қазандар, тұтікшелер, құбырларды қарау және сынап білу;

5) жылу желілері жұмысының жылуды беру және гидравликалық режимінің кестесін әзірлеу;

6) инженерлік желілерде, соның ішінде жаңартумен, курделі және ағымдағы жөндеулер, сұнаулар және шаюмен байланысты жұмыстарды орындау;

7) электр көздерінде, жылу көздерінде және инженерлік желілерде алдын-ала қарау, жоспарлы жөндеулерді орындау;

8) ғимараттарды (үйлерді) дайындау, ғимараттардың (үйлердің) ішіндегі инженерлік жүйелердің алдын-ала қаралуы, жөнделуі және ауыстырылуы бойынша жұмыстарды өткізу;

9) энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде технологиялық апартарды және табиғат апат салдарларын жою үшін негізгі және резервті отынның нормативтік қорларын, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарының апatty қорларын құру;

10) отын қоймаларын дайындау, қорлы отын шаруашылықтардың инженерлік жабдықтарының, отын дайындау, отын беру, қоқыс және күлдерді жою жүйелерінің, теміржол және автомобиль кіреберіс жолдарының, өртке қарсы шаруашылықтың жөнделуін орындау жатады.

14. Кондоминиум объектісін басқару нысандары:

1) жылумен жабдықтау бойынша қызметтер көрсетілетін үйішлік инженерлік желілер мен құрылыштар, пайдалану жауапкершілігі бөлігі шегінде ортақ үйлік жылу энергиясын есептеу құралдарының сақталуын, қауіпсіздігін, тиісті техникалық жағдайы мен пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

2) ортақ үйлік қажеттілік үшін пайдаланылатын жылумен жабдықтау бойынша қызметтердің тиімді тұтынылуын қамтамасыз етеді, үйішлік желілер мен құрылыштарда шығындарды болдырмайды;

3) жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушіге жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушімен орнатылған пломбалардың тұтастығының бұзылу жағдайлары туралы хабарлайды;

4) мүмкін болған жағдайда үйішлік инженерлік желілерде және құрылыштардағы зақымдарды өз күшімен жояды;

5) жергілікті атқарушы органдардың, энергия беруші (немесе энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметкерлеріне тәуліктің кез келген уақытында жылу желілерінің, жылуды тұтыну қондырғыларының және коммерциялық есептеу құралдарының техникалық жағдайын қарауға мүмкіндік береді;

6) үйішлік инженерлік желілер мен құрылыштарды тиісті техникалық құйде ұстай бойынша жөндеу және пайдалану жұмыстарын жүзеге асыру үшін үшінші тараптарды тартады, сервистік қызмет субъектісімен шарттарды жасайды және орындалуын бақылайды;

7) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне жиналыстар, жазбаша сауалдарды өткізуі ұйымдастырады;

8) барлық пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері үшін барлық қол жетімді орындарда ақпарат тақталарында үй-жай, сондай-ақ ортақ мүлікке қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы, сондай-ақ жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуші ұйымдар (атауы, байланыс телефондары, апатты қызметтердің телефондары) туралы ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің санитариялық-техникалық және инженерлік жабдығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

10) апатты жағдайлардың туындау жағдайларынан басқа, пәтерлердің (үй-жай), тұрғын емес үй-жайлардың иелерін инженерлік желілер жұмысы режимінің сөндірілуі, синаалуы немесе басқа да өзгерістері туралы екі тәулікке дейін хабарлайды.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2025 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

15. Жылу желілерінің құзет аймақтарында қарамағында жылу желілері бар жылу энергетикасы субъектілерінің келісімінсіз құрылыш, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізуге, аландарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды, құрылыштарды, ғимараттарды орналастыруға, материалдарды жинап қоюға, қоршаулар мен дуалдарды соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төттеге жол берілмейді.

Қарамағында электр желілері бар ұйымның келісімінсіз электр жылу желілері жолдарының құзет аймақтарында құрылыш, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру

жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізуге, аландарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды, құрылыштарды, ғимараттарды орналастыруға, материалдарды жинап қоюға, қоршаулар мен дуалдарды соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төгуге жол берілмейді.

Ескерту. 15 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерінде апаттарды жою апатты жағдайларды жою тәртібіне сәйкес және жылумен жабдықтаушы, жылу беруші және жылу тұтынушы, жөндеу-құрылыш, көлік ұйымдары және басқа қызметтердің өзара іс-әрекет регламенті ескеріле отырып жүзеге асырылады.

17. Жылу желілерін пайдалануши ұйымдар осы желілердің қорғау зоналарында Күзет ережелерінің талаптарына сәйкес жылу желілерін жөндеу үшін қажетті жұмыстарды жүргізеді.

Жылу желілеріндегі апаттардың алдын-алу немесе олардың салдарларын жою бойынша жұмыстар жылдың кез-келген уақытында жер пайдаланушиның келісімісіз, бірақ осы жұмыстарды өткізу туралы ескерте отырып жүргізіледі.

Аталған жұмыстарды орындағаннан кейін, басқаруында жылу желілері бар ұйымдар белгіленген мақсатта қолданылу үшін жер участкерін жарамды қүйге келтіреді.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін жөндеу жұмыстарын жүргізуші ұйым барлық механизмдерді, материалдарды, уақытша белгілерді, конустандарды, тосқауылдарды алып тастайды, жол жабының және жолдың инженерлік орналасуын қалпына келтіреді.

Жолдарда орындалған қалпына келтіру жұмыстарын қабылдау жол органдарымен мердігер ұйымының қатысуымен жүзеге асырылады және екі жақты актімен ресімделеді.

18. Жылу көздері мен жылу желілерін пайдалану және жөндеу жұмыстарын өткізу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жылу көздері мен жылу желілерін жаңарту және күрделі жөндеу жұмыстары жылыштуаралық кезеңінде жергілікті атқарушы органдармен келісілген жұмыстарды жүргізу кестесі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте ғимараттарды (тұрғын үйлерді) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау және сумен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жылу энергиясын пайдалануға арналған шарттың талаптарына сәйкес шаралар қабылданады.

20. Жылумен жабдықтау көздерін және жылу желілерін жоспарлы жөндеу, сондай-ақ жылу желілерінің сынауларын өткізу жергілікті атқарушы органдармен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

21. Жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттерінде жұмыстар мынадай мерзімдерде:

1) күзгі кезеңдегі жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде;

2) жүктелімнің қысқы максимумын өту кезеңінде жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде орындау ұсынылады.

Жылумен жабдықтау көздерін қамтамасыз етуші электр, су құбырлы және газ коммуникацияларын жөндеу және алдын-ала қарау жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.

22. Отын қоры шаруашылығын жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.

23. Күзгі-қысқы кезеңде энергетикалық көздеріндегі отынның пайдалану қорының нормасы меншік формасына қарамастан:

жеткізілуі 100 километрге дейін қашықтықта – 15 тәулікті;

жеткізілуі 100 километрден асатын қашықтықта – 30 тәулікті құрайды.

24. Жылуды тұтыну жүйелерінің жай-күйіне және қызмет көрсетуіне тұтынушылар мен энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдар арасындағы жауапкершілік шекарасы олардың тенгерімдік тиесілігінде немесе тараптардың келісімі бойынша анықталады.

Ескерту. 24 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдардың жылу желілеріне қосылу, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 тіркелген, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген, Жылу энергиясын пайдалану қағидаларының 3-тармағының екінші азат жолымен және 19-20 тармақтарымен белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 25 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Жылу желілердің құбырлары пайдалануға енгізгенге дейін монтаждалуы, күрделі жөнделуі мен жаңартылудан кейін гидропневматикалық жууға, сығымдауға және дезинфекциялауға тартылады.

Ескерту. 26 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Жылумен жабдықтау көздері, орталық жылу пункттері, жылу желілері және жалпы жылумен жабдықтау ұйымдарының жылыту маусымына дайындығы қалалық және аудандық комиссияның отырысында анықталады.

Жылумен жабдықтау көздерінің дайындығы мына шарттар кезінде расталады:

- 1) негізгі және қосалқы жабдықтардың жоспарлы жөндеуін орындау;
- 2) жылу желілері мен жылу көздерінің есепті режимдегі жұмысқа дайындығы;
- 3) электрмен жабдықтаудың резервті көрмелерін синау;
- 4) өндірістік ғимараттар мен жұмыс орындарын жылу, жылышлау және жарықтандыру бойынша барлық жұмыстарының аяқталуы;
- 5) сыртқы ауа температурасының төмен болуы жағдайында жабдықтардың, технологиялық сызбалардың және құрылыштардың зақымдалуының алдын-алу бойынша іс-шараларды орындау;
- 6) релейлі қорғаныс және апатқа қарсы автоматика құрылғыларын тексеру жоспарларын орындау;
- 7) жұмыс орындарын оқытылған және аттестатталған қызметшілермен толықтырылуы;
- 8) жылумен жабдықтау көздеріне арналған жобаға сәйкес негізгі отын қорларын және резервті отын қорларын құру бойынша жоспарды орындау, резервті отын шаруашылығын жұмысқа дайындау бойынша кешенді жұмыстарды өткізу;
- 9) техникалық куәландыру және жабдықтарды синау актісін алу;
- 10) күзгі–қысқы кезеңдегі кезекті жұмысқа объектілер мен жабдықтардың жылыту маусымына әзірлік паспортын алу.

Егер әзірлік паспорттарын уақытылы алмаған жағдайда, энергия өндіруші және энергия тасымалдаушы ұйымдарға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 27 тармақта өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 10.12.2014 № 263 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Салынған, тапсырыс берушілермен (тұтынушылармен) және жылумен жабдықтаушы ұйымдармен пайдалануға қабылданбаған қазандықтар, жылу желілері, орталық жылу пункттері, сорғы станциялары, орталық жылу жүйелерін жылыту маусымына дайындау және жаңа үйлерді ыстық сумен жабдықтауды құрылыш ұйымдары қамтамасыз етеді.

29. Жылыту маусымына тұтынушылардың инженерлік желілерін дайындау бойынша ұйымдастыру іс-шаралар тізбесіне мыналар жатады:

- 1) инженерлік желілерді пайдаланылуына жауапты тұлғаны тағайындау;
- 2) инженерлік желілерді пайдалануына жауапты тұлғаларды дайындау: энергиямен жабдықтау ұйымдары өкілінің міндетті түрде қатысуымен, инженерлік желілерді

техникалық пайдалану ережелерін, инженерлік желілерді пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін оқыту және білімін тексеруді жүргізу;

- 3) техникалық құжаттаманың толық пакетін дайындау;
- 4) бақылау-өлшеу құралдарын және коммерциялық есептеу құралдарының тексеруін өткізу;
- 5) жертөле және шатыр жайларының барлық жылумен жабдықтау және ыстық су құбырларының жылу оқшаулауын орындау;
- 6) кіреберістер мен жертөлелердің сыртқы есіктерін жөндеу;
- 7) шатырлардың мен жертөлелердің терезелерін жабу;
- 8) саты шаршық терезелерін қос шынылануын қалпына келтіру;
- 9) саты шаршықты жылуды қалпына келтіру және жұмыстарға қосу;
- 10) тұрғындардың пәтерлерін жылылауды қамтамасыз етуі бойынша ұйымдастыру;
- 11) жылу пунктінің үй-жайларын жөндеу: ақтау, сырлау, қажетті жарықтандыруды және берік бекітілуін қамтамасыз ету;
- 12) сыртқы құбырлар мен арматуралардың жылу оқшаулағышын қалпына келтіру;
- 13) жылу пайдаланушы қондырғылардың орнатылған барлық тиекті, реттеуші арматуралардың тексеруін және жөндеуін өткізу;
- 14) техникалық термометрлерді тексеру, кейіннен техникалық майды құя отырып гильзаны тазарту;
- 15) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі);
- 16) жөндеу іс-шараларын өткізу;
- 17) пломбыланған, тексерілген монометрлерді орнату;
- 18) жылуды тұтыну жүйесінің элементтерін механикалық тазарту арқылы гидропневматикалық жуу және жылуды тұтыну жүйесінің барлық элементтерінің механикалық беріктігін және жылуды тұтыну жүйесінің гидравликалық тығыздығын (гидравликалық қысым) гидравликалық сынақтан өткізу белгіленген үлгі бойынша акт жасалып, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;
- 19) ғимараттардың (үйлердің) электр сымдарының оқшауларының кедергілерін тексеру.
- 20) дроссельдік құрылғыларды орнату және тексеру нормативтік-техникалық құжаттамаға және алынған есептеулерге сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;
- 21) жертөледегі және шатырдағы жайлардағы барлық жылумен қамтамасыз ету және ыстық су құбырларын гидрооқшаулау жасау.

Ескерту. 29 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Транзитпен инженерлі коммуникациялар өтетін жертөле үй-жайларын жалға алушы немесе иесі пайдаланушы ұйым қызметкерлерінің инженерлік желілерді жөндеу жұмыстарын орындау және қызмет көрсету үшін инженерлік құрылыштарға өтуі және еркін қол жеткізуін (апатты-қалпына келтіру жұмыстарын өндіру үшін тәуліктің кез-келген уақытында) қамтамасыз етеді.

31. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың қыс мерзіміне дайындығы жылдыту маусымы басталғанға дейін жылумен қамтамасыз ету нысандарының әзірлігін тексеру актілері және үйлер мен үйіші жүйелерін көктемгі және күзгі тексеру нәтижесі бойынша ресімделген көп пәтерлі үйлерді тексеру актілері негізінде әзірлік паспорттарымен бекітіледі.

32. Жұмыстар орындалғаннан кейін жылу тұтыну жүйесін қабылдау жылумен жабдықтаушы ұйыммен жүзеге асырылады және екі жақты техникалық дайындық актісімен ресімделеді.

Техникалық дайындық актісі бойынша қабылданбаған жылу тұтыну жүйесі жылдыту маусымына дайындалмады деп есептеледі және қайтадан техникалық тексеруден өтуі тиіс.

Жылумен жабдықтаушы ұйыммен объектінің техникалық дайындық актісі ресімделмесе, жылу тұтыну жүйесін қосуға жол берілмейді.

33. Егер энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйымдардың қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі болмаса, жылу энергиясын тұтынушыларын жылумен жабдықтау жүйелеріне қосуға жол берілмейді.

Жылу энергиясын тұтынушы белгісі және ұсыну режимі тұтынушымен жылдыту маусымына дайындық және энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйымдармен берілген техникалық дайындық актісінің ресімделуі және сараптама ұйымының қорытындысын алу бойынша іс-шаралар кешенін орындау жағдайында, жоспарлы жөндеу, апатты – қалпына келтіру жұмыстары жағдайын қоспағанда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен бекітілген талаптарға сәйкес келеді.

3. Жылумен жабдықтау жүйесін байқап көру

34. Жылу маусымының басталуына жылумен жабдықтау көздерін, жылу желілерінің дайындығын тексеру және жасырынған ақауларды анықтау үшін жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру жүргізіледі.

35. Жылу көздері жабдықтарын қосу және ғимараттарды (үйлерді) қосу мына тәртіпте жүргізіледі:

Жылу көздер жабдықтары мен ғимараттардың жабдықтарын қосу үшін:

1) бірінші тәулікте:

жылу көздерінде жылу жабдықтарының сыйбасын жинақтау, жабдықтарды қайта іске қосу және байқап көру, бактарды-аккумуляторларды мүмкіндігінше барынша толтыру, жылу желілерін сумен толтыру және берілетін және қайтарымды құбыр қысымына қою және циркуляцияны орнату бойынша жұмыстар орындалады;

үйішлік жүйелерде арматураның іске қосу ережесін орнату, таратушы құбырлар мен жылумен жабдықтау жүйелерін сумен толтыру, сенімді бақылау-өлшеу құралдары мен реттегіштерінің болуын тексеру жөнінде жұмыстар жүргізіледі;

2) екінші тәуліктен бастап кестеге сәйкес қатаң түрде ғимараттарды қосу жүргізіледі.

36. Магистральді және таратушы жылу желілерін іске қосу және байқап көру іске қосу-жөндеу бригадасымен жүргізіледі.

Іске қосуға дейін желінің іске қосылатын участекісінің жабдықтарының жарамдылығы тексеріледі, сынау, шаю және қабылдау актілері қаралады.

37. Байқап көру үрдісінде жылу желілері, жылумен жабдықтау көздері және тұтынушылар бойынша айқындалған ескертулер жылу маусымының басына дейін жойылады.

4-тарау. Жылышту режимі

Ескерту. 4-тараудың атауы қазақ тілінде жаңа редакцияда, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.06.2025 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38. Жылумен жабдықтаушы ұйымдарға 1 қыркүйекке дейін қаланың және ауданның жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру, қосу кестелерін және гидравликалық және температуралық көрсеткіштердің есептік кестелерін өзірлеу және жергілікті атқарушы органдарымен келістіру ұсынылады. Жылу желілерінің құбырлары тұтынушыларға берілген кестеге сәйкес бекітілген көрсеткішті жылу тасығышты (су және бу) беруді қамтамасыз етеді.

Қосу кестелерінде тұтынушыларды қосудың мына кезектілігі сақталуы тиіс:

- 1) бала, емдік және мектеп мекемелері, басқа оқу орындары;
- 2) тұрғын үйлер, қонақүйлер, жатақханалар;
- 3) қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар, театрлар, мәдениет үйлері, әкімшілік ғимараттар, өнеркәсіп кәсіпорындары және басқа ғимараттар.

Бір уақытта толтырылатын үйішлік желілердің санын анықтау кезінде жылумен жабдықтау көздерінің шаруашылық-ауыз сумен қамтылуын, су дайындау және сөндіру құрылғыларының өнімділігін ескеру қажет.

38-1. Бес тәулік бойы сыртқы ауаның орташа температурасы $+10^{\circ}\text{C}$ және одан төмен немесе сыртқы ауа температурасының күрт төмендеуі туралы болжам болғанда қала (аудандар) әкімдері тиісті өкіммен жылу маусымының басталғандығын жариялайды.

Ескерту. Кағида 38-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39. Барлық ғимараттарды (үйлерді) қосқаннан кейін пайдаланушы үйымдар жабдықтардың күйінін тексеруін және үйішлік жүйелердің бастапқы реттелуін өткізеді

40. Пайдалану үрдісінде анықталған жылумен жабдықтау көздерінің, жылу желілері мен үйішлік жүйелердің жұмысындағы кемшіліктер жылу маусымының басына дейін жойылады.

41. Жылышу маусымы кезінде жылумен жабдықтаушы үйым жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес мынаны қамтамасыз етеді:

1) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді барлық тұтынушылар үшін тең жағдайларды көрсету;

2) жылу желілерінің баланстық тиесілігі бөлігінің шекарасында Шартпен белгіленген жылу энергиясы көрсеткіштерін қолдайды;

3) тұтынушымен жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетуге шарт жасайды;

4) тұтынушыға Шарт талаптарымен анықталған тәртіpte және мерзімде тиісті сапада жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетеді.

42. Жылышу маусымы жарияланғаннан кейін:

1) хабарландыру сызбасы белгіленеді, облыстың тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінің жауапты қызметшілерінің кезекшілігі бекітіледі;

2) кәсіпорындарда апatty-қалпына келтіру бригадалары дайындалады;

3) ғимаратты (үйді) пайдаланушы үйым қызметкерімен ғимараттың жылу тасығыш жүйесі жұмысын және жылышлау күйін кезеңмен тексеру және бақылау үйымдастырылады;

4) жылумен жабдықтау көздерінде қор және апatty жабдықтардың жұмысы, негізгі және қор отынының, құралдардың, материалдар мен қосалқы бөлшектерінің болуы тексеріледі.

5) мамандандырылған үйымдармен пайдалануға қабылданбаған, жаңа құрылыш үйлердің жылу желілерін, орталық жылу пункттерін, сорғыларын, орталық жылу және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін жылышу маусымына дайындауды құрылыш үйымдары қамтамасыз етеді;

6) инженерлік коммуникацияларға барлық қажетті қосылулар тиісті жылдың 1 қазанына дейін орындалады. Жылышу маусымы кезеңінде инженерлік коммуникацияларға қосылуға тиім салынады.

Ескерту. 42 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Жылу көздерінде және жылу желілерінде апatty жағдай жарияланса:

- 1) барлық тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінде күні-түні кезекшілік енгізіледі;
- 2) қала (аудан) әкімінің өкімі бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарда апatty жағдайларда пайдалану үшін тетіктермен және материалдармен қамтамасыз етілген қосымша апatty-жанғыруту бригадалардың күшеттілген дайындығы енгізіледі.

44. Күшеттілген және есептеуден тыс режимдері кезіндегі ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымның қызметшілерінің қажетті іс-шаралары мен әрекеттері ұйымдардың тиісті нұсқаулықтарында көрсетілуі тиіс.

Жылу желілері зақымдалған аймақта орналасқан инженерлік желілер мен коммуникациялардың меншік иелері, телефонхат алғаннан кейін, жер жұмыстарын атқаруды келісу үшін өз өкілдерінің бір сағаттың ішінде шығуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 44 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Жылу маусымының аяқталуы және жылуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз ету

45. Бес тәулік бойы сыртқы ауаның орташа температурасы +10°C және одан жоғары немесе сыртқы ауа температурасы құрт көтерілуі туралы болжам болғанда қала (аудандар) әкімдері тиісті өкіммен жылу маусымының аяқталғандығын жариялады.

Ескерту. 45 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46. Жылыту маусымы аяқталғаннан кейін ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымдар орталық жылу жүйесін сөндіреді және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысын жазғы сызба бойынша қамтамасыз етеді.

47. Жылуаралық кезеңде жылумен жабдықтаушы ұйымдар тұтынушыларды жылу көздері мен жылу желілерінің жабдықтарының жұмысының бекітілген сызбасы бойынша ыстық сумен жабдықтаумен қамтамасыз етеді. Тенгерімдік тиесілігі шекарасына берілетін судың температурасы техникалық және санитарлық норма талаптарына жауап береді. Ыстық суды беруде жылумен жабдықтау көздерінде жылу желілерін, жабдықтарды жөндеу, элеваторлы тораптарды, автоматтандырылған жылу пункттері мен үйішлік жүйелерді дайындау үшін қажетті уақытқа жергілікті атқарушы органдармен келісілген кестелермен бекітілген мерзімінен асатын үзілістерге жол берілмейді.

Ескерту. 47 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 353 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48. Жылу желілерін, жылу пункттерін және жылу тұтыну жүйелерін жөндеуді бір уақытта 1 қыркүйекке дейін жүргізу ұсынылады. Істік сүмен жабдықтаудың тоқтатылуымен байланысты жөндеудің ұсынылатын мерзімі – 14 құнтізбелік күн.

49. Осы Қағидамен реттелмеген жағдайларда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларын басшылыққа алу қажет.

6. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың жауапкершілігі

50. Қағиданы бұзғаны үшін қызмет берушілер мен тұтынушылардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.